
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

14 шілде 2015

Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты зейнетақы заңнамасына өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдады

2015 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты «Зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады.

Заң жобасы зейнетақы төлемдерінің дұрыс мөлшерлерін қалыптастыру және Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттің, қызметкердің және жұмыс берушінің жауапкершілігін күшейту арқылы азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыруды жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы мынадай бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді білдіреді: Азаматтық, Салық, Еңбек кодекстері, «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңдар және басқалар.

Заң жобасы 2017 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне қарай зейнет жасына толған кезде базалық зейнетақы тағайындау тәртібін өзгертуді көздейді. Сонымен, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 және одан аз жыл болған немесе болмаған кезде базалық зейнетақы мөлшері ең төменгі күнкөрістің (ЕК) 50%-ына тең болады. 10 жылдан артық әр толық жыл үшін базалық зейнетақы ЕК 2%-ына көбейтілетін болады, бірақ қатысу өкілі 35 жыл немесе одан артық болған кезде 100% ЕК-ден артық болмайды.

Базалық зейнетақы есептеу кезінде зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек қызметі де, көрсетілген күннен кейінгі міндетті зейнетақы жарналары салынған жұмыс кезеңі де жатқызылады.

Бұл норма еңбекке ынталандыруды нығайту мен азаматтардың еңбек қатынастарын нысандауға, өз-өзін жұмыспен қамтыған халықты жүйеге тартуға бағытталған.

Бүгінде жинақтау бөлігі қызметкер табысынан 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналары және жұмыс берушінің еңбек жағдайы зиянды және аса зиянды жұмыс істейтін азаматтардың бөлек санатына аударатын 5 пайыз міндетті кәсіптік жарналар есебінен құралады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне 2018 жылдан бастап енгізілетін өзгерістер қолданыстағы жүйені жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауышпен толықтырмақшы.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

14 шілде 2015

"Заң жобасының нормалары 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап БЖЗҚ-да ашылған шартты зейнетақы шоттарына қызметкерлердің табысынан 5 пайыз мөлшерінде аударылатын жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізуге бағытталған", - деп көрсетілген Парламент Сенатының салалық комитетінің қорытындысында.

Осылайша, 2018 жылдан бастап БЖЗҚ-да әр қызметкерге дербес шартты-жинақтаушы шоттар қосымша ашылып, оларға жұмыс берушінің меншікті қаражатының есебінен қызметкердің табысынан 5 пайыз мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналары аударылатын болады. Зейнетақы жинақтарының бұл түрі де басқа зейнетақы жинақтары сияқты қаржы құралдарына инвестицияланып, инвестициялық табыс есебінен көбейтіледі. Шартты-жинақтаушы жүйеден зейнетақы төлемдері жыл сайын индекстелетін болады. Таусылғанша төленетін және мұраға қалдыруға болатын міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының қолданыстағы жүйесіне қарағанда шартты-жинақтаушы жүйеден төлемдер өмір бойы жасалатын болады, бірақ мұраға қалдырылмайды.

Осыған орай, қазақстандықтарда зейнетте дұрыс қамсыздандыруды жасау үшін тағы бір қаражат көзі пайда болады.

Қазір Заң жобасы Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға жіберілді.

«БЖЗҚ» АҚ Баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстары: press@enpf.kz